

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны»

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қатынастарды реттеуге арналған отырыстын

№4 ХАТТАМАСЫ

Қаратау қаласы

06.04.2026 жыл

ТӨРАЙЫМ: «Әйгерім» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі К.Ж.Жуманазарова

ХАТШЫ: «Әйгерім» бөбекжай-бақшасының әдіскері Н.Е.Омарова

Қатысқандар: Бөбекжай-бақшаның педагогикалық және кіші (техникалық) қызметкерлері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Сенім» жәшігінің міндеттері.
2. «Сенім» жәшігіне келіп түскен өтініштер мен ұсыныстарды тіркеу, есепке
3. «Сенім» жәшігіне келіп түскен өтініштер мен ұсыныстарға жауап беру тәртібі.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. «Әйгерім» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Баянова Айгуль Молдашевнаның «Сенім» жәшігінің міндеттері тақырыбындағы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша тәрбиеші Баянова Айгуль Молдашевна сөз алып қызметкерлердің және басқа да азаматтардың бұзылған құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қалпына келтіру немесе қорғау туралы өтініштерін, қызметкерлердің Әдеп кодексінің талаптарын бұзғандығы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық әрекеттері туралы шағымдарын және оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша ұсыныстарын жедел қабылдау, тіркеу, қарау және жауап беру.

ТЫҢДАЛДЫ:

«Әйгерім» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Баянова Айгуль Молдашевнаның «Сенім» жәшігіне келіп түскен өтініштер мен ұсыныстарды тіркеу, есепке алу тақырыбындағы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші Баянова Айгуль Молдашевна өзіне сөз алып, «Сенім» жәшігін айына бір рет, әр сәрсенбі күні мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі (міндетін атқарушы) Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің хатшысының қатысумен ашады. Хатшы бүкіл түскен өтініштер мен ұсыныстарды тіркейтінін айта кетті.

«Сенім» жәшігінен алынған өтініштер, ұсыныстар арнайы журналға тіркеледі. Журнал парақтары тігілген, нөмірленген, мектепке дейінгі ұйымның мөрімен бекітілген болу керек. Журналға төмендегідей ақпараттар толтырылатынын хабарлады.

Ашу уақыты;

Ашқан тұлғалар туралы мәлімет;

«Сенім» жәшігіне келіп түскен өтініштер тізбесі, яғни алынған нақты өтініштердің реттік нөмірінің тиісті бірізділігі, арызданушының аты-жөні мен мекен-жайы (егер болса), өтініштің қысқаша мазмұны көрсетіледі;

келіп түскен өтініштердің жалпы саны;

өтініштерге алу жүргізген тұлғалардың қолдары.

ТЫҢДАЛДЫ:

3.«Әйгерім» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Баянова Айгуль Молдашевнаның «Сенім» жәшігіне келіп түскен өтініштер мен ұсыныстарға жауап беру тәртібі тақырыбындағы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Баянова Айгуль Молдашевна өзіне тағыда сөз алып «Сенім» жәшігіне келіп түскен өтініштер мен ұсыныстармен мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі танысады, арнайы тексеруді талап етсе, мамандар бөліміне, Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелеріне, Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне басқа да тұлғаларға тексеру туралы тапсырма беретінін айтты.

Келіп түскен өтініштер мен ұсыныстарға жауап беру мерзімі, «Сенім» жәшігі ашылғаннан кейін (журналда тіркелгеннен кейін) он (10) жұмыс күні екенін нақтылап айтып өтті.


Егер өтініште сыбайлас жемқорлық және құқық бұзушылық әрекеттері туралы хабарлар болса, Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелеріне (хатшысына) тексеру ұйымдастыру туралы тапсырма беріледі және өтініш авторына тексеру нәтижесі бойынша жауап береді. Тексеру нәтижесінде кінәлі адамдар анықталса, олар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес тәртіптік жазаға тартылады, арнайы органдарға істері жолдануы мүмкін екенін айтты.

ШЕШІМ:

1. «Сенім» жәшігінің міндеттері «Сенім» жәшігіне келіп түскен өтініштер мен ұсыныстарды тіркеу ережесіне сай жүргізілсін.

2. «Сенім» жәшігіне келіп түскен өтініштер мен ұсыныстарға жауап беру тәртібі бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Төрайым:  К.Ж.Жуманазарова

Хатшы:  Н.Е.Омарова